

## Қарабалық ауданы әкімдігінің "Қарабалық ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ережені бекіту туралы

Костанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 1 наурыздағы № 34 қаулысы.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" қаулысына сәйкес Қарабалық ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған, "Қарабалық ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. "Қарабалық ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының Заңнамасында белгіленген тәртіpte:

1) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Қарабалық ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3) жоғарыда көрсетілген Ереженің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін.

3. "Қарабалық ауданы әкімдігінің "Қарабалық ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" Қарабалық ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 72 қаулысының қүші жойылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарабалық ауданының әкімі

Р. Халықов

Әкімдіктің

2023 жылғы "01" наурыздағы

## "Қарабалық ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің "Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 11.04.2024 № 43 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

### 1 тарау. Жалпы ережелер

1. "Қарабалық ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің "Жастар ресурстық орталығы" туралы осы ереже (бұдан әрі – ереже) Қазақстан Республикасы "Мемлекеттік жастар саясаты туралы" Заңының (бұдан әрі – Зан) 6-бабының 11) тармақшасына сәйкес әзірленді және өнірлік, қалалық және аудандық Жастар ресурстық орталықтарының (бұдан әрі - Ресурстық орталықтар) мәртебесі мен өкілеттіктерін айқындайды.

2. Ресурстық орталық жастардың бастамаларын ақпараттық-әдістемелік, кеңестік сүйемелдеу мен қолдауды, жастар ортасындағы ахуалға мониторинг пен талдауды жүзеге асыратын занды тұлға болып табылады.

3. Ресурстық орталықтың қызметі жастардың әлеуметтік және жеке дамуына жәрдемдесуге және жастар үйымдарының қызметін қолдауға бағытталған.

4. Жастар ресурстық орталығы жастар мен жастар үйымдарын қолдау және дамыту үшін қызмет көрсету мақсатында құрылды.

5. Ресурстық орталықты құру, оның қызметін қамтамасыз ету және үйлестіру жергілікті атқарушы органдарының құзыретіне жатады.

6. Ресурстық орталықтың өз мөртаңбасы, мөррі, мемлекеттік тілде және орыс тілінде атавы бар фирмалық бланкілері, қазынашылық органдарында және банкте есеп айырысу шоттары болады.

7. Ресурстық орталық өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституациясын, Қазақстан Республикасының зандарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені және олардың негізінде әзірленген жарғыларды басшылыққа алады.

8. Ресурстық орталық өз қызметін орталықпен ортақ мақсаттары, міндеттеріне қол жеткізуге ықпал ететін мүдделі мемлекеттік органдармен және коммерциялық емес үйымдармен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырады.

9. Ресурстық орталықтың толық атавы: "Қарабалық ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің "Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

10. Ресурстық орталықтың занды мекенжайы: Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, Қарабалық кенті, Нечипуренко көшесі 17 үй.

## **2-тарау. Ресурстық орталықтың міндеттері, функциялары**

11. Ресурстық орталық Жастар жобалары мен бағдарламаларын іске асыру, бейресми білім беру, бастамаларды қолдау және жастарға кеңестік қолдау көрсету және жастардың өзін-өзі дамуы үшін ашиқ кеңістік құру арқылы жастармен жұмыс жүргізеді.

12. Ресурстық орталықтың қызметін жоспарлау және жүзеге асыру жастар мен жастар үйымдарының қажеттіліктері мен мұдделеріне негізделеді.

13. Ресурстық орталықтың қызметі өз ғимаратында және жастар көп жиналатын жерлерде жүзеге асырылады.

14. Ресурстық орталықтың құрылымдық бөлімшелері – жастарға қызмет көрсету орталықтарында, кенттер мен ауылдарда қызметін үйлестіреді және қызметкерлерінің біліктілігін арттырумен айналысады.

15. Ресурстық орталықтың негізгі міндеттері:

- 1) ақпараттық-әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асыру;
- 2) жастардың бастамаларын консультациялық сүйемелдеу және қолдау;
- 3) жастар ортасындағы жағдайға талдау және мониторинг жүргізу.

16. Мақсатқа жету үшін Ресурстық орталық келесі қызмет түрлерін көрсетеді:

1) шешуге бағытталған бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру жастардың әлеуметтік, мәдени, экономикалық және басқа да мәселелері, бос уақытын, демалысын үйымдастыру, спорт және білім саласындағы жастарды дамыту;

2) әлеуметтік-мәдени өмірде, шығармашылық, кәсіпкерлік, тұлғалық дамуда, оның ішінде әлеуметтік қызметтерді және үкіметтік емес секторды тарта отырып, үйымдастаған жастармен жұмыс істеуде жастардың жеке бастамаларын қолдау жөніндегі іс-шараларды үйымдастыру;

3) жастар бірлестіктерін үйымдастыру және қолдау, бастамашылық топтар, жастардың өзін-өзі басқаруының әртүрлі нысандары;

4) жергілікті деңгейде жастар арасындағы жағдайға мониторинг жүргізу;

5) жастардың республикалық жобалар мен бағдарламаларға қатысуы бойынша консультациялар;

6) жетілдіру бойынша практикалық ұсыныстар әзірлеу жастар саясаты;

7) түрлі мәдени-ойын-сауық іс-шараларын өткізу; фестивальдар, форумдар, семинарлар;

8) кәмелетке толмағандарға және басқа да жастарға, оның ішінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарға, сондай-ақ арнайы білім беру үйымдарынан және нашақорлықтан емделген адамдарды ұстаудың ерекше режимі бар үйымдардан оралғандарға психологиялық-педагогикалық, құқықтық және өзге де

көмектер мен консультациялар көрсету; нашақорлық, уытқұмарлық, маскүнемдік, адамның иммун тапшылығы вирусын жүқтырған адамдар және ЖИТС-пен ауыратындар;

9) ұқсас тұлғалармен байланыстар мен ынтымақтастықты қолдайды облыстың, республиканың және шетелдің басқа аймақтарының мекемелері;

10) қолданыстағы заңнама шеңберіндегі өзге де қызметтер.

17. Ресурстық орталыққа қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ Ережеде бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсаттарына сәйкес келмейтін операцияларды жүзеге асыруға тыйым салынады.

18. Ресурстық орталық қызметінің бағыттары бойынша мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) жастарды жұмысқа орналастыру және кәсіптік бағдар беруге дайындауға жәрдемдесу:

- жастарға Жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы және мамандық таңдау мәселелері бойынша кеңес беру және ақпараттандыру;

- soft-skills дамыту бойынша курстар өткізу-түйіндеңен сауатты құрастыру, коммуникативтік дағдылар, әңгімелесуден тиімді өту әдістері;

- жастар үшін бос орындар жәрменкесін ұйымдастыру және өткізу, кәсіптік бағдар беру, жұмысқа орналастыру және лайықты еңбек мәселелері бойынша жастар жобалары мен бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;

2) бейресми білім беру арқылы жастардың өмірлік маңызды дағдыларын, құзыретін және дербестігін дамыту:

- өмірлік маңызды дағдыларды дамыту бойынша семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру және өткізу (азаматтық белсенделік, командада жұмыс істеу, сынни ойлау, креативтілік, ынтымақтастық, жауапкершілік, эмоцияларды басқару және т. б.), жастардың құзыреті мен дербестігі;

- өмірлік маңызды дағдылар мен бейресми білімді дамытуға бағытталған жастар жобалары мен бағдарламаларын әзірлеу;

3) жастар арасында сандық сауаттылықты арттыруға және жаңа технологияларды дамытуға жәрдемдесу:

- цифрлық және медиа сауаттылық мәселелері бойынша жастарға кеңес беру;

- жастарға арналған цифрлық және медиа сауаттылық бойынша оқыту курстарын ұйымдастыру;

- робототехника, бағдарламалау және ақпараттық технологиялар бойынша үйірмелер мен клубтардың қызметін ұйымдастыру;

4) жастарға психологиялық көмек көрсету;

- психологпен жеке және эмоциялық мәселелер бойынша кеңес беру;

- жастармен психологиялық тренингтер мен сабактарды ұйымдастыру және өткізу;

- жастардың психикалық денсаулығы бойынша жастар жобаларын әзірлеу және іске асыру;

5) жастарға өтеусіз негізде консультациялық және заң көмегін көрсету:

- жастар мен жастар үйымдары үшін заң кеңестерін көрсету;

- жастар арасында құқықтық сауаттылық бойынша курстар үйымдастыру және өткізу;

- жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша жастар жобалары мен бағдарламаларын әзірлеу;

- жастар үйымдары үшін заң көмегін көрсету;

6) жастардың инновациялық және кәсіпкерлік қызметін жандандыруға жәрдемдесу:

- кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мәселелері және кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шаралары бойынша жастарға кеңес беру және ақпараттандыру;

- кәсіпкерлік құзыреттер бойынша семинарлар мен тренингтер үйымдастыру және өткізу;

- жастар арасында әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау;

- жастар арасында кәсіпкерлік қызметті жандандыру бойынша жобаларды әзірлеу;

7) жастар ортасында Волонтерлік қызметті қолдау және дамыту:

- волонтерлік қызмет және жас еріктілерді қолдау мүмкіндіктері туралы жастарға кеңес беру және ақпараттандыру;

- жастар арасында волонтерлік қызметті қолдау және дамыту бойынша оқыту курсарын, мектептерді, лагерьлерді, семинарлар мен тренингтерді үйымдастыру;

- жастардың волонтерлік қызметін үйымдастыру үшін волонтерлік үйымдармен, білім беру, мәдениет және әлеуметтік сала үйымдарымен ынтымақтастық;

- волонтерлік бастамаларды қолдау және волонтерлік үйымдармен және жастардың бастамашыл топтарымен бірлескен іс-шараларды іске асыру;

- жастар ортасында Волонтерлік қызметті жандандыру бойынша жобаларды әзірлеу ;

8) жас отбасылармен жұмысты қамтамасыз ету және жастарға отбасы өміріне дайындалуға жәрдемдесу:

- отбасы-неке мәселелері бойынша жас отбасыларға кеңес беру;

- некені тіркеуге өтініш берген жас адамдармен жұмыс;

- қоғамда отбасылық құндылықтарды нығайту бойынша жастар жобалары мен бағдарламаларын әзірлеу;

9) жастар үйымдарын, қозғалыстарын және жастардың өзін-өзі басқару органдарын дамытуға қолдау көрсету және жәрдемдесу:

- жастар үйымдарына, жастардың өзін-өзі басқару органдарына мемлекеттік қолдау және үкіметтік емес үйымдармен ынтымақтастық шаралары туралы кеңес беру және ақпараттандыру;

- іс-шаралар өткізу үшін жастар ұйымдарын, қозғалыстарды және жастардың өзін-өзі басқару органдарын залдар мен үй-жайларды ұсыну;

- жастар ұйымдарының, қозғалыстардың және жастардың өзін-өзі басқару органдарының қызметін ақпараттық сүйемелдеу;

- жастар ұйымдары мен жастардың өзін-өзі басқару органдарының бастамаларын қолдау;

- жастар ұйымдарымен, қозғалыстармен және жастардың өзін-өзі басқару органдарымен бірлескен жобалар мен бағдарламаларды әзірлеу;

10) жастардың мұдделері мен қажеттіліктері негізінде жобалар мен бағдарламаларды әзірлеу, іске асыру және бағалау:

- жобалар мен бағдарламаларды әзірлеу, іске асыру және бағалау мәселелері бойынша жастарға және жастар ұйымдарына кеңес беру және ақпараттандыру;

- жобаларды басқару мәселелері бойынша жастар ұйымдары, қозғалыстар, жастардың өзін-өзі басқару органдары, жастардың бастамашыл топтары үшін курсар, мектептер, лагерьлер, семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру және өткізу;

- жастар жобалары мен бағдарламалары туралы мәліметтер базасын ұйымдастыру және жүргізу;

- жастардың мұдделері мен қажеттіліктері негізінде тұрақты жобалар мен бағдарламаларды әзірлеу және бағалау;

11) ақпараттық кеңістікті кеңейту;

12) үздік тәжірибелер каталогын құру;

13) ресурстық орталықтардың қызметін жарықтандыру;

14) жастардың қажеттіліктері мен мұдделеріне сәйкес келетін және Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережеге қайшы келмейтін басқа да функцияларды орындау.

Жоғарыда көрсетілген функциялар, олардың әрқайсысының шенберінде мақсатты топтың қажеттілігін бағалау, жастарды жоспарлау мен бағалауға тарту, консультациялық сүйемелдеу, тренингтер өткізу, жастар жобалары мен бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыру, жастардың бастамаларын қолдау арқылы жүзеге асырылады.

### **3-тaraу. Ресурстық орталықтардың қызметін ұйымдастыру**

19. Ресурстық орталықтың басшысы Ресурстық орталықтың қызметін ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, жергілікті атқарушы органның құрылымына кіretін атқарушы орган басшысының бүйрекімен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

20. Ресурстық орталықтың басшысы облыстың ресурстық орталығының келісімі бойынша тағайындалады.

21. Ресурстық орталықтың басшысы жергілікті атқарушы органның құрылымына кіретін атқарушы органның басшысына тікелей бағынады және оларға жүктелген функциялардың орындалуына дербес жауапты болады.

22. Ресурстық орталықтың басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және ресурстық орталық қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Еережеде айқындалатын өздерінің құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

23. Ресурстық орталықтың қызметін жүзеге асыру кезінде басшы заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) Ресурстық орталықтың атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) барлық ұйымдарда Ресурстық орталықтың мүдделерін білдіреді;
- 3) заңнамада белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке билік етеді;
- 4) шарттар жасайды;
- 5) іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттыру бойынша ресурстық орталықтың тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- 6) Ресурстық орталықтың қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 7) Ресурстық орталық қызметкерлерінің функционалдық міндеттерін анықтайды және лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;
- 8) сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдайды және дербес жауапты болады.

24. Ресурстық орталықтардың басшылық лауазымдарына педагогикалық, психологиялық, экономикалық, гуманитарлық, зангерлік, техникалық білімі және жастармен жұмыс тәжірибесі бар адамдар жіберіледі.